

«Бекітемін»:



«Манашы» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Директоры К.Корпелиева

« 1 » 09 2023 ж

Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс әрекеттің бейнелеуден перспективалық жоспары

(ересек топтар)

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттердің міндеттері
Қыркүйек Қазан Қараша Желтоқсан	Бейнелеу	Сурет салу Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Күтілетін нәтижелер: Сурет салуды қызығушылықпен орындайды; Бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттейді. Өнер туындыларына қызығушылық танытады. Жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады. Қаламды, қылқаламды, борларды дұрыс ұстайды. Дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салу техникасын меңгерген. Заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады. Әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді.
Қаңтар	Бейнелеу	Сурет салу Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және

Ақпан		басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Заттардың пішіні: Дөңгелек , сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюлардың элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.
Наурыз		Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Сурет салуда еңкеймей , арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Күтілетін нәтижелер:
Сәуір		Қаламды, қылқаламды, борларды дұрыс ұстайды. Дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салу техникасын меңгерген. Заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады. Әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді. Суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі.
Мамыр		Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды. Дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салады. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді. Өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалайды.